

**Чернобыль атом электр станциясындағы апат құрбандарын еске алу күніне Нұр-Сұлтан қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 29/3-VII шешімі. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 сәуірде № 1318 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 3) тармақшасына, "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың құрбандарын еске алу күніне (2021 жылғы 26 сәуір) орай Чернобыль атом электр станциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғалар ішінен Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, сондай-ақ "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген адамдарға 75 000 (жетпіс бес мың) теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетілісін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихаты сессиясының төрағасы*

*А. Табулдина*

*Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатның хатшысы*

*Е. Каналимов*